“8D02206, 6D020300 – Тарих, 8D02207-Музей ісі және ескерткіштерді қорғау, 8D02205, 6D020800 - Археология және этнология, 8D03206 - Кітапханалық ақпарттық жүйелер, 8D03205-Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету” мамандықтары / білім беру бағдарламалары бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы бойынша
2025 жылғы жылдық есебі

Есеп келесі мәліметтерден тұрады:

1. **Өткізілген жиналыстар саны: 25**
2. **Диссертациялық кеңестің отырыстарының жартысынан аз бөлігіне қатысқан мүшелердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда):** Диссертациялық кеңестің отырыстарының жартысынан аз бөлігіне қатысқан мүшелер жоқ.
3. **Дәрежеге үміткер докоранттардың тізімі.**

№	Докоранттардың аты-жөні	ЖОО	Мамандығы/ББББ	Диссертация тақырыбы	Қоғау күні
1	Билалов Сейдали Өміртайұлы	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	«6D020800 – Археология және этнология»	Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың типологиясы мен фортификациясы	01.04.2025 ж.
2	Ермекбаева Айнур Шокановна	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	«8D02205- Археология және этнология»	Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық коллекция: құрамы, типологиясы, ғылыми-танымдық маңызы	07.04.2025 ж.
3	Алтынбекова Элина Кырымовна	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	«8D02207 Музей ісі және ескерткіштерді қорғау»	Отечественная модель музейной реконструкции: методы и практика	09.06.2025 ж.
4	Жамбулатов Кайрат Абаевич	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	«6D020800 – Археология және этнология»	Культура населения Западного Казахстана во II–IV вв. н.э. (по материалам погребальных памятников)	18.06.2025 ж.

5	Шашаева Малика Ауезханқызы	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	«8D02206 – Тарих»	XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы	23.06.2025 ж.
6	Абдрахим Мирас Еркінұлы	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	«6D020300 – Тарих»	Казахские чиновники Семиреченской области во второй половине XIX – начал XX вв.: формирование и структура	23.06.2025 ж.
7	Мартин Элихаки Каньика	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	«8D03206 – Кітапхананың ақпараттық жүйелері»	Students' perception of digital library services: on the case of Al-Farabi KazNU	26.06.2025 ж.
8	Көлбаев Нұрболат Шағыманұлы	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	«8D03206 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер»	Жоғары оқу орындарындағы электронды кітапхананың моделін жасау әдіснамасы (әл-Фараби кітапханасы мысалының негізінде)	26.06.2025 ж.
9	Стамшалов Еркін Имангазыұлы	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	8D02206 – «Тарих»	Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар)	10.12.2025 ж.
10	Шотаев Мәди Тұрсынбекұлы	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	«8D03205 – Архивтану, құжаттану және құжаттаманы	Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің	18.12.2025 ж.

			басқаруды қамтамасыз ету»	партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың» құжаттары: тарихи-архивтанулық зерттеу (1937–1991)	
11	Конырова Айжан Мауленовна	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	6D020300 – «Тарих»	XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи-салыстырмалы талдау	18.12.2025 ж.
12	Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	6D020300 – «Тарих»	XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстандағы джадидтердің мәдени-ағартушылық қызметі	23.12.2025 ж.

4. Есептік жыл ішінде кеңес қарастырған диссертациялық жұмыстарға қысқаша талдау төмендегі бөлімдер бойынша ұсынылады:

1. Қарастырылған жұмыстар тақырыптамасына талдау; Есепті кезеңде диссертациялық кеңесте 8D02206, 6D020300 – Тарих, 8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау, 8D02205, 6D020800 – Археология және этнология, 8D03206 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер, 8D03205 – Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету білім беру бағдарламалары бойынша барлығы 12 диссертациялық жұмыс қарастырылып, олардың барлығы сәтті қорғалды.

Қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеулердің тақырыптары гуманитарлық ғылымдардың өзекті бағыттарын қамтып, ұлттық ғылымды дамытуға бағытталған теориялық және қолданбалы маңызы жоғары мәселелерді көтерді. Әсіресе 8D03206 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер жаңа білім беру бағдарламасы аясында алғаш рет екі ізденуші PhD докторы дәрежесін иеленіп, бұл бағыттың ғылыми және институционалдық тұрғыдан орныға бастағанын көрсетті. Сонымен қатар факультет диссертациялық кеңесінің тарихында және Қазақстандағы кітапхана ісі саласында алғаш рет ғылыми мақалалар топтамасы негізінде қорғау жүзеге асырылды, бұл ғылыми нәтижелерді бағалаудың заманауи формаларының енгізілуін айғақтайды.

Сондай-ақ «8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстанда алғаш рет PhD дәрежесінің берілуі аталған саладағы кадр даярлау жүйесінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Жалпы алғанда, диссертациялық кеңестің барлық бағыттары бойынша жүргізілген қорғаулар еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және басқару, сондай-ақ ақпараттық және архивтік жүйелерді дамыту мәселелеріне арналған, отандық ғылымға елеулі үлес қосатын зерттеулермен сипатталады.

2. Диссертация тақырыптарының ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған (Қазақстан Республикасының «Ғылым және ғылыми-технологиялық саясат туралы» Заңының 20-бабы 3- тармағының 2) тармақшасына сәйкес) және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен белгіленген ғылымды дамыту бағыттарымен өзара байланысы;

Диссертациялық кеңесте қарастырылған диссертация тақырыптары Қазақстан Республикасының «Ғылым және ғылыми-технологиялық саясат туралы» Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту басым бағыттарымен, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларда белгіленген міндеттермен тығыз үйлеседі. Қорғалған зерттеулер тарихи-мәдени мұраны сақтау және зерделеу, қоғамдық сананы жаңғырту, архивтік, кітапханалық және музейлік салаларды цифрландыру, дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу, сондай-ақ гуманитарлық білімнің институционалдық және әдіснамалық негіздерін жетілдіру мәселелерін қамтиды. Бұл диссертациялық жұмыстар ұлттық ғылыми әлеуетті арттыруға, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың қолданбалы мүмкіндіктерін кеңейтуге және Қазақстан Республикасының ғылым мен білім саласындағы стратегиялық мақсаттарын іске асыруға бағытталған.

3. Диссертация нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілу деңгейіне талдау.

Диссертациялық кеңесте қорғалған диссертациялық жұмыстардың нәтижелері докторанттардың жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарындағы кәсіби қызметі арқылы практикалық қолданыс тапты. Докторанттар өздерінің диссертациялық зерттеу тақырыптары бойынша университеттер мен ғылыми мекемелерде жүйелі түрде жұмыс жүргізіп, оқу процесіне, ғылыми жобаларға және қолданбалы зерттеулерге белсенді түрде тартылды.

5. **Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (ең сапасыз пікірлердің мысалдарымен).**

Докторлық диссертацияларды қорғау барысында докторанттардың ғылыми жұмыстарын бағалауға барлығы **23 ресми рецензент** тартылды, бұл ретте әрбір рецензент негізінен **бір ғана диссертацияға** тағайындалып, тек бір жағдайда ғана қайта тағайындау орын алды. Бұл тәжірибе рецензиялау үдерісінің объективтілігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етті. Жалпы алғанда, ұсынылған сын пікірлер ғылыми талаптарға сай дайындалып, диссертациялық зерттеулердің мазмұнын, құрылымын, дереккөздік базасын, әдіснамалық деңгейін және алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен негізділігін кешенді түрде қамтыды. Рецензенттер докторанттардың кемшіліктері мен жетеуспеушіліктерін нақты көрсетіп, оларды жоюға бағытталған сындарлы ұсынымдар берді. Жалпы алғанда, ресми рецензенттердің қызметі диссертациялық жұмыстарды сапалы ғылыми сараптаудан өткізуге және докторанттардың зерттеу деңгейін арттыруға бағытталған деп бағаланады.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында докторанттардың ғылыми-зерттеу қызметін жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары

базасында ерте кезеңнен бастап жүйелі түрде ұйымдастыру қажет. Докторанттардың жарияланымдық белсенділігін арттыру үшін жетекші отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда мақала жариялауға институционалдық қолдау көрсету, сондай-ақ ғылыми нәтижелерді апробациялаудың түрлі форматтарын (ғылыми семинарлар, зерттеу топтары, тағылымдамалар) кеңейту ұсынылады. Сонымен қатар ресми рецензенттерді іріктеу және олардың пікірлеріне қойылатын талаптарды нақтылау ғылыми сараптама сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялардың саны кадрларды даярлау бағыттары бойынша:

	Шифр және мамандықтар/ББББ				
	8D02206, 6D020300 – Тарих	8D02207-Музей ісі және ескерткіштерді қорғау	6D020800, 8D02205 - Археология және этнология	8D03206-Кітапханалық ақпараттық жүйелер	8D03205-Архивтану, құжаттану и құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары)	5	1	3	2	1
Қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары)	-	-	-	-	-
Ресми рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары)	-	-	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу	-	-	-	-	-

орындарының докторанттары)					
Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары)	-	-	-	-	-
Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары)	-	-	-	-	-